

## **Марқакөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидаларын бекіту туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының әкімінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 61 қаулысы

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 4-тармағының б) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 24212 болып тіркелген), сәйкес Марқакөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Марқакөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің қағидалары осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Марқакөл ауданының әкімі*

*Р. Кемешев*